



**«Айсұлу» бөбекжайы» ҚМҚК-мен қамтылған балалардың ата-аналарымен
жұмысты ұйымдастыру бойынша кеңестік пунктін жұмыс жоспары
2025-2026 оқу жылына арналған**

1. Кеңестік пункттің мақсаты

Баланың жан-жақты дамуын қамтамасыз ету мақсатында ата-аналарға психологиялық-педагогикалық, әдістемелік және кеңестік көмек көрсету, отбасымен серіктестік қарым-қатынасты нығайту.

2. Міндеттері

- Ата-аналардың педагогикалық және психологиялық сауаттылығын арттыру;
- Баланың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып тәрбиелеу мен дамыту бойынша кеңес беру;
- Ерте жастағы балаларды тәрбиелеуде отбасы мен балабақша арасындағы өзара байланысты нығайту;
- Баланың дамуы мен бейімделуінде туындайтын мәселелердің алдын алу.

3. Кеңестік пункт жұмысының бағыттары

- Педагогикалық кеңес беру
- Психологиялық кеңес беру
- Логопедиялық кеңес беру
- Медициналық-ағартушылық жұмыс
- Әлеуметтік-педагогикалық қолдау

4. Жұмыс түрлері

- Жеке және топтық кеңестер
- Сауалнамалар, анкеталар
- Ашық есік күндері
- Тақырыптық семинарлар, тренингтер
- Ақпараттық парақшалар, жадынамалар тарату
- Онлайн/офлайн консультациялар

№	Тақырыбы	Мазмұны	Мерзімі	Жұмыс түрі	Жауапты
1	«Баланың денсаулығы біздің қолымызда»	Балабақшада күн тәртібін сақтау маңызы. Дұрыс тамақтану: пайдалы кеңестер.	Қыркүйек	Кеңестер, ұсыныстар	Директор медбике

2	«Баланың қауіпсіз ортасы: үй мен балабақша»	Мектеп жасына дейінгі балаларға қауіпсіз ортаны ұйымдастыру Мектеп жасына дейінгі баланың қауіпсіздігіне кім жауапты?	Қазан	Әңгіме, кеңестер, ұсыныстар	Директор әдіскер психолог тәрбиешілер
3	«Ойын арқылы баланың ақыл-ой және шығармашылық дамуының әсері»	Балалар мен ата-ананың бірлескен ойындары. Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған ойындарды ұйымдастыру.	Қараша	Әңгімелесу, кеңестер, ұсыныстар	Әдіскер тәрбиешілер логопед дефектолог психолог
4	«Ерте жастағы балалардың тілдік дағдыларын қалыптастыру»	Ерте жастағы балалардың сөйлеудің алғашқы дағдылары (жылы сөздер, қимыл арқылы байланыс). Сөздік қоры баяу дамитын балаларға көмек көрсету жолдары.	Желтоқсан	Әңгімелесу, кеңестер, ұсыныстар	Логопед дефектолог психолог
5	«Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолданудың ерекшеліктері»	Ерекше қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету: мамандардың өзара әрекеттестігі.	Қаңтар	Әңгімелесу, кеңестер, ұсыныстар	Психолог логопед дефектолог
6	«Баланың психикасына гаджеттердің әсері»	Заманауи технологиялардың балалар өміріндегі орны. Балалардың психикасына гаджеттердің оң және теріс әсері.	Ақпан	Әңгімелесу, кеңестер, ұсыныстар	Медбике психолог

7	«Еңбек және экологиялық тәрбие арқылы балалардың жан-жақты дамуы»	Еңбек арқылы тәрбие: ойындар мен жаттығулар. Экологиялық ойындар арқылы тәрбие беру.	Наурыз	Дөңгелек үстел	Тәрбиешілер
8	«Мектеп жасына дейінгі балалардың эмоциялық тұрақтылығын қалыптастыру»	Тыныс алу жаттығулары арқылы денсаулықты нығайтудың маңызы.	Сәуір	Әңгімелесу, кеңестер, ұсыныстар, тренинг	Тәрбиешілер логопед психолог
9	«Ерте жастағы балалардың жаңа ортаға бейімделуі»	Балалардың бейімделу кезеңіндегі күн тәртібінің ерекшеліктері.	Мамыр	Әңгімелесу, кеңестер, ұсыныстар	Тәрбиешілер психолог медбике

5. Күтілетін нәтижелер

- Ата-аналардың педагогикалық мәдениетінің артуы;
- Отбасы мен балабақша арасындағы өзара ынтымақтастықтың нығаюы;
- Балалардың психологиялық, әлеуметтік және танымдық дамуының жақсаруы;
- Ата-аналардың кеңестік пункт қызметіне қанағаттану деңгейінің жоғарылауы.